
ДИНИ ФИЛОСОФИЯДАҒЫ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАТИКА

Г. З. Абдрасилова

Адам мәселесіне қатысты гректік өлшемдерді ғаламдық тұрғыдан қайта қарастыру, метафизикалық және антропологиялық ұғым-түсініктерді (туу, жаратылу, эманация, субстанция, ипостась, тұлға, ерік бостандығы) қайта саралау нәтижесінде Ортағасырларда, христиандық философияда, дәстүрлі ілімдер жұртында жаңа антропология мен жаңа құндылықтар шкаласы туып, бүкіл Батыстың рухани бейнесі өзгеріп сала берді.

Христиандыққа дейінгі, бүкіл жаратылысты басқаратын тетікті таппаққа ұмтылған антикалық ой - өз іздегенін тысқарыдан тапқаны белгілі (Платон жасаған Мәңгілік моделі, Аристотель категорияларының иерархиясы). Ал адам индивидуалдылығы, эмпириялық “мен” ескерілмеді. Өйткені Грек философиясында индивидуалды ерекшелік мәселесі жағымсыз тұрғыдан сипатталды: барлық даналар өзара ұқсас, ал нағыз дана дегеніміз - өз сөзі мен әрекеттерін ақиқат білімге сүйеніп, негіздейтін адам. Өйткені тек шын білім ғана бар. Сократтың “Өзінді өзің таны!” үндеуі де эмпириялық “меннен” тереңде орналасқан трансценденталды “менге” бағытталды.

Эллиндер адамды біліміне, дүниені тану қабілетіне қарап бағалады. Сондықтан эллин үшін дана адам (дәулетті де қуатты) наданнан жоғары тұр. Метафизикалық эгалитаризмге ұқсас пікір “Құдай қаласында” бар: рухы кедей адамның “мені” - Платон “меніндей” мәнді.

Ежелгі гректер жалпы дүниені жеке адамнан жоғары қойды. Сондықтан Сократқа дейінгі, Пифагорға дейінгі ойшылдар түрліше космологиялық жүйелер жасап ұсынғанмен, элегиялық, лирикалық ақындар болмаса, индивидуалды “менді” баяндап, түсіндіретін бірде-бір жүйе болмады. “Меннің” тууы мен дамуын алғаш байқаған ежелгі грек акын-драматургтері өз кейіпкерлерін жеке адам ретінде сипаттағанмен, индивидуалдылық - даралыққа негізделген жоқ. Сондықтан олардың кейіпкерлері адамзаттың прототиптері түрінде сомдалды. Эсхилдің Агамемноны, Софоклдың Эдипі мен Антигоны, Еврипидтің Ифигениясы өздерінің, сөздерінің адамтектестігіне қарамастан ет пен сүйектен жаралған адамдар емес. Олардың барлығы - эмпириялық “меннің” шеңберінен асып, кеңейген (Канттан кейін “трансценденталды Мен” атанған) “Меннің” формалары болды. Бұған Софоклдың “Патша Эдипі” мысал бола алады. Фивылардың патшасы Эдип өз халқына жіберілген бақытсыздықтың - оба дертінің себепшісі өзі екенін, өзі білмей өз әкесін өлтіріп, оған қоса білместікпен өз

анасына үйленгені үшін жіберілген жаза екендігіне көзі жетеді. (Эдиптің трансценденталды “мені” - өзі сияқты тағы бір трансценденталды “меннің” бар екендігін ұғынады).

Бұл жердегі Софоклдың кейіпкері Эдип - ізденіп, сұрақ қойып, азапқа түсетін кәдімгі адам емес. Ол - қанараластыруға жол берген Әкеөлтіруші, дәлірегі - платондық мағынадағы Әке өлтірушінің идеясы. Ежелгі грек драматургтері Тағдырға, яғни адам тағдырын анықтайтын трансцендентті тәртіпке сенбеген-дігін тұжырымдайды ғалымдар. Шындығында да Эсхил мен Софоклдың кейіпкерлері Тағдырдың жазуына наразылық білдіріп, жауапкершілікті өз мойындарына алуға ұмтылады. Алайда ежелгі грек драматургтерінің дүние-танымдық аясы трансценденталды “мен” шеңберінен ары асқан жоқ.

Мұндай құндылықтық иерархияны бұзған иудаизм болды. Библиялық Адам - трагикалық кейіпкер немесе бүкіладамзаттың абстрақтылы бейнесі емес. Ол өз әбестігін күнделікті өмірдің қалыпты көріністерінің бірі ретінде қабылдайтын кәдімгі адам. Оның басқалардан ерекшелігі “біріншілігінде”. Бірақ біріншілік - оның ең күшті және ең жақсы екендігін білдірмейді. “Бірінші” адам алма ұрлады, ал оның (күнә ретінде қабылдамайтын) өз күнәсі туралы өкініштері иудаизмде күйінішке, ал христиандықта ұялысқа трансформацияланды.

Құндылықтық иерархиядағы адам орны туралы иудейлік концепция эллиндік дәстүрден өзгеше болғанмен, ол да эмпириялық “менге” бағытталған жоқ. Дүние - Яхве жаратқан тіршілік, ал адам - Яхвенің өз образы. Яхвенің ең алдымен Аврааммен, сосын Моисеймен жаңартқан келісімшарты жекелеген нақты “мендерге” емес, Құдай сүйген халық - жалпы еврей ұлтына қатысты еді. Құдаймен одақтасатын әрбір еврей емес - бүкіл Израильдің “мені”. Моисейдің діні - жалғыз да құдіретті Яхвені ардақтап, таңдаулы еврей халқының қоғамдық негізін құрайтын Яхве заңдарын қатаң сақтауға міндетті болды.

Ал христиандықтағы жеке адамның құтқарылуы туралы идея - осы заңдарға деген наразылықты бейнеледі. Иудаизм бойынша “Соңғы Сот, Ақырзаман күні бүкіл Израиль халқы құтқарылса”, христиандық түсінік бойынша “Соңғы Күні ізгі адамдар мен зұлым адамдар екі айырылып, әркім өзі үшін тікелей есеп беріп, жеке құтқарылады”. Христиандықта әрбір адам (Құдай сияқты) Тұлға. Әрбір тұлға құнды.

Евангелиелік ақиқаттарды толықтыратын ізгілену (благодать) теориясы құтқарылудың жеке-даралық сипатын күшейте түсті: ізгілену - сенім мен іс арқылы келеді, бірақ ол Құдайдан берілген болуға тиіс. Құдай-Ұл арқылы адамиланған Құдай - Өзін Жоғарғы эмпириялық “меннің” үлгісіне айналдырды /1/.

О дүниелік өмір де жалпы ережелерге байланысты емес (байланысты болса барлық адам құтқарылған болар еді). О дүниелік өмір Құдіреттің Қалауына сәйкес, әркімге әрқалай, арнайы себептер бойынша беріліп отырылады.

Осылайша христиандық - метафизиканың зерттеу орталығын ауыстырды: белгісіздік дегеніміз дүние емес (өйткені оның жаратылуы бізге Қасиетті Жазбаларда баяндалған). Белгісіздік дегеніміз - “мен” және оның тағдыры.

Алайда христиандықтың батыстық дүниеге тарап, бірден-бір ресми, заңды ойлау жүйесі ретінде қалыптасуы үшін философияға эмпириялық “меннің” енуі жеткіліксіз болды. Өйткені, іс жүзінде бәрі де керісінше еді. Ортағасырлық философия өзінің зерттеу аймағынан “менді” алып тастап, адам бойындағы қасиетті нұрдың қайнарын іздеуге кіріскен болатын. Ал эмпириялық “мен” өзінің күнделікті тұрмыстық көріністерімен қоса рухани тәлімгердің еркіне берілді: әрбір ақжарылуда өз күнәларынан арылу арқылы “мен” де тазара түседі деп түсінілді.

Индивидуалистік мораль - әрбір мүшесі ақиқат білімге ие мінсіз индивидуум, сондықтан моральды адамдар болып табылатын қоғамды армандаған Сократтан бастау алады. Индивидуализмді асқақтату әрекеттері нәтижесінде ол бекітілген тәртіптерге қатысты енжарлық тудырғаны үшін өз өмірімен қош айтысқаны да белгілі. Сократтың жолын қуушылар екі топқа бөлінді. Олардың біріншілері Платон және Аристотель сияқты индивидуализм идеясын қорғап, индивидуалдылық - дананың да, азаматтың да моральін бекіте түседі деп сенді (Сократ философиясының өзегі - заңдарды сақтау). Екінші топтағылар Диогенге және скептиктерге ұқсап жалғыздықтағы данышпанның күйін кешті. Осылайша гректік индивидуализм - аристократтық құндылық түрінде ғана іске асты (Монтеньнің “Піл сүйегінен жасалған мұнарасы” және Декарт еңбектерінде). Өйткені ол ойшылдардың пікірінше, әлеуметтік өмір (табиғи, физикалық дүниенің, мысалы Күн жүйесінің, индивидуалды физиологияға деструктивті әсер ететіні сияқты) индивидуалды моральға теріс ықпал жасайды. Ал нағыз мораль - адамның сыртқы, әлеуметтік-ғарыштық жүйелердегі заңдарға сәйкес өмір сүруі.

Римдік жүйе “мемлекет” түсінігі арқылы “индивидуалдылықты қысымға алу” өнеріне жаңа толықтырулар ендірді.

Ортағасырлық христиандық философия - антикалық ойлаудың мәнді элементтерін қабылдап, аталған екі фактордың синтезін жасады деуге де болады. Бірақ христиандық ойлау тарихының бүкіл барысында бұл факторлардың қайшылығы өз өткірлігін жоғалтпай екі негізгі бағыттың: томизмнің және августианиандық-францискандықтың – қарсы тұруы арқылы көрініс берді. Бірақ олар антика мен христиандықтың қарама-қарсылығының көшірмесі болды дей алмаймыз. Өйткені екі түрлі

элемент екі бағытқа да қатысады. Әйтсе де томизмде объективті құрылым идеясы кең көлемде қарастырылса, августинизмде жеке субъектінің индивидуалды қырларына көп орын беріледі. Сондықтан августинистік бағыт индивидуалистік-персоналистік антропологияға жақын тұр.

Августин христиандық және антикалық ойлаудың алғашқы әрі ұлы синтезін жасады. Оның философиясындағы сөзсіз антикалық элемент болып табылатыны – платондық идеялар дүниесі. Әйтсе де антикалық мұра – августиндік адам мәселесі көрінісінің бір жағы ғана. Августин ілімінің тарихи мәні - өз философиясының орталығына тұлға ретіндегі адамды қойып, адамды нағыз «менге» және ақиқат «сенге» айналдырғандығында. Антропологиялық негізге бетбұрудың басты белгісі ретінде Августиннің бірінші кезекте адам, содан соң Құдай туралы сөз қозғауын айтуға болады. Ол - адамның тарихи жағдайлардағы қорғансыздығын, ашықтығын сезінді. Тарихилық пен бірегейлік (антикаға жат екі элемент) Августин үшін мәселеге айналды. Философиялық санада алғаш рет адамның ішкі дүниесі толық қарастырылды /2/.

Августин алғаш рет өзіндік бақылау әдісін қолданды. Оның пікірінше жан - субстанционалды сипатқа ие және мұны ол сана «менін» талдау жолымен негіздеуге тырысады. Мұндай талдау - «меннің» реалдылығын, дербестігін және уақыттағы дәйектілігін көрсетеді. Жан - өз-өзінде тұйықталған субстанция болғанмен бәрібір өзін тәнмен байланыстырады. Адам дегеніміз жан мен тәннің нақты, тірі бірлігі және осындай күрделі бірлікті ғана адам деп атауға болады.

Тарихқа үлкен ықпал еткен Августин ілімінің басты элементі – махаббатпен тығыз байланыстағы еріктің көрсетілуінде. Августин түсінігінде, нақты адамның адамгершіліктік өмірінде шешуші рөлді интеллект емес, ерік атқарады. Осылайша Августин сенімді – білімнен үмітті рационалды сенімділіктен жоғары қойды. Бірақ Августин ерікті біржақтылықпен, ұшқары иррационализм, волюнтаризм рухында зорлық, ерік күшінің басымдығы ретінде қолданбайды. Өйткені ерік оның ілімінде объективті заңдармен және мәндермен байланысты. Құндылықтардың абсолютті тәртібі ол үшін үлгі және стандарт ретінде қабылданады. Сонымен қоса ерік толық тұйықтық болып табылмайды. Жетекші мәнге ие болғанмен, ол жанның басқа қабілеттерімен тығыз байланыса отырып біртұтас рухани субстанцияны құрайды. Бұл бірлік - Құдай бейнесіндегі үштік.

Августин идеялары белгілі дәрежеде бүкіл ортағасырлық антропологияға ықпал етті және өз дамуын (тар мағынадағы) августинистік философиялық ілімдерден тапты. Ал тұлғалық индивидуалдылық пен тірі ерікті кейінгі Ортағасырларда біржақтылықпен қолдану ұшқары индивидуализм мен волюнтаризмге әкелді.

Августинистік бағыттың ортағасырларда және әсіресе кейінгі ортағасырларда номинализм тудырған ағымдармен байланысқа түсуі кездейсоқ емес. Абстрактылы объективті нормаларға керісінше – августинизмнің тірі индивидуалдылыққа мән беруі оның номинализмге жақын келуіне себепші болды.

Номинализмді ұшқары формада жария еткен Росцелин дара ұғымдарда құдіретті үштік тіршілігін қамту мүмкін еместігін дәлелдеді. Ал Бонавентура және Генрих Гентский ілімдерінде томизмге керісінше, адам бойындағы эмоционалдылықтың және ерік элементтерінің приоритеті айқын көрінеді. Бірақ реализм универсалиелері рухындағы объективті мәндер мен нормалар тіршілігі де мойындалады.

Дунс Скотт ілімінде волюнтаристік сипат күшейе түсті. Дунс Скотт ерікті ақыл-ойдан жоғары қойды, өйткені ол екеуін Августин рухында махаббатпен теңгерді және махаббатты (францискандық бағыт) танымнан жоғары деп санады. Скотт әсіресе қандай да болмасын детерминацияға қарсы шығып, ерік бостандығын жақтады. Ерік қана өз әрекеттерінің себебі болып табылады. Яғни, ерік ақыл-оймен детерминацияланбайды. Ақыл-ой, бар болғаны, оған түрлі мүмкіндіктерді ұсынып, ерік солардың ішінен өз таңдауын жасайды.

Дунс Скотт индивидуализация мәселесін позитивті ұғымда түсінді. Адам, әрдайым Скотт ілімінше, объективті дүниенің құрамында және оның өз орны бар. Индивидуалды ерікті мойындау объективті тәртіптердің субъективистік ыдырауына апарып тірмейді.

Уильям Оккам волюнтаризмді номинализммен байланыстырды. Адам дегеніміз тірі ерік, азат индивидуум. Индивидуалдылық оның нағыз мәні болып табылады. Объективті мәндер мен тәртіптер, Оккам пікірінше – «есімдер» ғана. Олар ешқандай реалды тіршілікке ие емес және адамға ешбір детерминациялық ықпал ете алмайды.

Қорытынды: Өлмейтін-жойылмайтын жеке адам жаны туралы идеясы бар христиандық - антикалық ғарыштық-объективтіліктің күшеюін қабылдамаған алғашқы реалды қарсыласы болды.

Адам жанын анықтай отырып Платон оны төменгі сатыдағы, сезімдеріміз арқылы қабылданатын материядан тысқарыға, Тазаға, Жоғарғыға бағыттады. Жанның Отаны – уақыттан жоғары, тек ақыл-оймен танылатын дүние. Адам мәні туралы мұндай Сократ, Платон, Аристотель, Плотиндер ұсынып, олардың шәкірттері мен жақтаушылары дамытқан түсінік антикалық заманда-ақ қатаң сынға ұшырады.

Оған қарсы қойылған басты идея – объективті мәндік жүйеге қарсы тұратын индивидуалдылық идеясы. Ол идея өз көрінісін софистика, скептицизм, эпикуреизм сияқты философиялық ағымдардан тапты.

Бірақ гректік дүниеде мұндай индивидуалдылық идеясы шарықтай алмады. Жеке жанның ажырамастығы туралы діни тақырыппен байланысты бола жүріп бұл идея тек христиандықта ғана шешуші мәнге ие болады.

Құдайды тұлғалық тұрғыдан ұғыну, тұлғалық махаббат, индивидуалды ажалсыздық, күнәға бату, күнәдан арылу және құтқарылу - бірінші кезекте антикалық дүниенің объективті құрылымымен және бейтұлғалылығымен қатаң қайшылыққа келген элементтер осылар. Христиандық Ортағасырлардың ұлы үлесі – бір-біріне қайшы негізгі екі мотивті біртұтас етіп өрнектей білгендігінде.

Христиандықтың адам мәселесін шешудегі үлесі мынада. Бір жағынан адам болмысы - нағыз трансценденциямен байланыстырылды, ал екінші жағынан - бұл процесс адамның табиғи байланыстары құнсызданбайтындай түрде іске асты. Бұл дүние мен о дүниенің қарама-қарсылықтарының (аристотельдік және платондық қарама-қарсылықтардың) синтезі іске асты.

Бірақ христиандықтың «антиканы нағыз терістеуі» мұнда емес. Христиандықтың антиканы терістеуі - адамдағы қайталанбастықты, бірегейлікті, әсіресе, нағыз революциялық элемент болып табылатын - тарихилықты ашуында. Адам тұлғасы оның индивидуалдылығында екендігін, ал ол - жалпы мәндерден туындамайтындығын жариялауында.

Антикалық дүниеге жат тарихилық ұғымы – бастапқыда құтқарылу туралы діни ілім түрінде болса да – алғаш рет христиандықта көрініс береді.

Нағыз жарату, жеке де мәнді жан, тірі «сен», тарихилық идеялары христиандықта даму алды. Сондықтан индивидуалистік-персоналистік адам картинасының басты, негізгі қайнарларының бірі христиандық болып табылады.

Христиандық - метафизиканың зерттеу орталығын ауыстырды: белгісіздік дегеніміз дүние емес. Белгісіздік дегеніміз - “мен” және оның тағдыры. Осылайша адам (христиандықта) - жақсы ұйымдастырылған ғарышқа қарсы қойылды.

Бүкіл жаратылыс, жалпы дүние - объективті заңдар арқылы басқарылатыны, адам ойы мен еркі бұл тәртіпті мойындауға тиістігі, оны сақтау - адамгершіліктің белгісі екендігі, өйткені тәртіп пен объективті игіліктің сәйкестілігі жарияланды. Құдайдың бұл тәртіпті өз еркінше жасағаны, бірақ ол зорлық, күштеу негізінде емес, мәңгі де құдіретті даналық принциптеріне сай құрылғаны тұжырымдалды.

Эпикалық фрескаларға қоса, Ортағасырлық поэзия сезімтал, эмоционалды және әрекетшіл эмпириялық “менге” жол ашты (Рютбефтен Қазіргі заманға дейін, Франциск Ассизскийден - тосканалық поэзияға дейін). Ал Елизавета дәуіріндегі ағылшын поэзиясы бұл әдеби мүшайраны - соңғы жаңғырығы Монтень шығармашылығында көрініс берген (“Өз кітабым үшін өзім материалмын”) - классицизм дәуіріне жеткізіп, табыстады.

-
1. *Каратини Р.* Введение в философию. М., 1998.
 2. *Брюнинг Ю.* Философская антропология. 1995.
 3. Философский словарь, 2002.

Абдрасилова Г. З.

Антропологическая проблематика в религиозной философии

В статье проанализирована специфика постановки проблемы человека в Средневековье и формирование идеи индивидуализма в контексте христианской философии.

Abdrasilova G.Z.

Anthropology in Religious Philosophy

Specifics of man problem foundation in Middle ages and the individualism idea formation on the framework of Christian philosophy had been analysed in the article.